

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ



Жаңаарқаның кең жазиралы даласында жаны жайсаң жандар қатары жетіп артылады. Ұрпағына үлгі – өнеге қылып айтатын адамдардың бірі және бірегейі – Шәбден Ералиев. Жаны ізгі жерлесіміз жас күнінен өте елгезек, білімді, болашаққа арманмен көз жүгіртіп, адалдықтың ақ туын қашан да жоғары көтере білген адам. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, ауылдың ақ сақалды қарияларынан бата алған, аға – буын өкілдерінің тәрбиесімен сусындап, тағылымды тәрбиені бойына сіңірген жан туралы ыстық естеліктер өте көп. Ерте еңбекке араласып, отбасына қолқанат болуының өзі нағыз ер азаматқа лайық іс екенін дәлелдеп тұрғандай. Төрт түлік малға түгел өзі қарап, қозы бағып, қолынан қаншама іс келетінін ауылда көзі көрген жандар ерекше ықыласпен баяндап береді. Үй шаруасына епті Шәбден ағамыздың білімге деген құштарлығы да ерекше еді. Жаңа дүниені білсем, үйренсем деген ынтасы ауылдан жырақ аттануға себеп болып, Түркістанда



училищеге құжаттарын тапсыруға негіз болады. Оқумен қатар қоғамдық жұмыстардың да бел ортасынан табылып жүрген жерлесіміз, көптің көзінде, жақсының сөзінде табылатын ерекше қасиетке ие еді. Оқу үздігі болуымен қатар, саясаттың да жілігін шағып, майын ішетін, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаға айналғандықтан, ел іргесіне қатысты бірқатар маңызды шаралардың басы – қасынан табылып, өзінің жеке көзқарасын, ұстанымын білдіріп, еңбегін сіңіре бастады. Осылайша, алға ұмтылған алғыр маманның әр жұмысы жауапкершілікпен атқарылғандықтан, сенім де беки түсті. Жоғары лауазымдарды да еш қорықпастан атқарып, Бүкілресейлік ауылшаруашылық санағының тіркеушісі, жер бөлімінің меңгерушісі, аудандық милиция бөлімінің басшысы, Ташкент ұйымы Президумының хатшысы, Түркістан майданы саяси бөлімінің мүшесі болып қызметтер атқарған. Әрине, мұның бәрі Шәбден Ералиевтің жоғары білімі мен саяси сауаттылығының арқасы екені анық.

Мемлекет қайраткері, Қазақстан Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан жан туралы алдыңғы буын өкілдері жақсы таныс екені рас. Ал, өскелең ұрпаққа біз барынша жан – жақты дәріптегеніміз абзал. Осы мақсатта ұлы қайраткерді ұлықтау мақсатында қоғам қайраткерінің туғанына 125 жыл толуына орай жақында «С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық – библиографиялық бөлім кітапханашылары Шәбден Ералиевтің есімімен аталатын ынтымағы жарасқан ырысты мекен Жаңаарқа ауданына қарасты Ералиев ауылдық округіне іс – сапар ұйымдастырды. «Ұрпақтар сабақтастығы» деп аталатын игі шараның басты мақсаты елімізге ерекше үлес сіңірген нар тұлғалы азаматтың атын ұлт ұландарына кеңінен таныстырып, ұрпақтар сабақтастығын дамыту. Сапар барысында Ш.Ералиевтің үрім – бұтағымен жолығып, сырлы сезімге толы сұхбат ұйымдастырып, осы кісінің атымен аталатын саябаққа ат басын бұрып, Ш.Ералиевтің рухына құран бағышталуынан бастау алып, одан әрі ауылдың мәдениет үйінде ұйымдастырылған тамаша шараның куәсі болдық. «Тарих толқынында» атты көрмені көпшілік назарына ұсынып, Шәбден Ералиев туралы деректі фильмді тамашаладық. Ұрпағынан үзік сыр тыңдап, ерекше ыстық естеліктерді ел назарына ұсынып, ұлт жанашырын ұлтына одан әрі таныстырып, қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметіне кеңінен шолу жасадық. Тамаша кеш сырлы сазды концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, жиналғандарды серпілтіп, қуанышты еселей түскені анық. Шара соңында естелікке фотоға түсіп, ұрпақтар сабақтастығына сыбаға ретінде сақталатын суреттермен көмкерілді.

Шәбден Ералиевтің туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған ерекше іс – сапар жоғары деңгейде өтті. Жерлесіміздің жетістіктерін кітапхана қызметкерлері алдағы уақытта да барынша жан – жақты дәріптеп, Жаңаарқа жұртшылығының назарына ұсына бермек. Ұрпақтар сабақтастығы – ұлы іс.

Салтанат Бақышова,

«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық – библиографиялық бөлім кітапханашысы